

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару департаменті туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 17 маусымдағы N 980. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

"Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының жүйесін реформалау жөніндегі кезекті шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 4 наурыздағы N 3377 Жарлығына сәйкес (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1997 ж., N 10, 69-құжат) Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару департаменті (бұдан әрі - Департамент) туралы ереже бекітілсін.

2. Департамент пен оның Алматы, Арқалық, Байқоңыр, Жезқазған, Көкшетау, Семей және Талдықорған облыстары мен қалаларындағы аумақтық органдары Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің және оның аумақтық комитеттерінің мүліктік және өзге құқықтары және міндеттерінің құқықтық мұрагерлері болып айқындалсын. <*>

3. Департамент пен оған тікелей бағынатын аумақтық органдары мемлекеттік меншікті басқаруды жүзеге асырады және Қазақстан Республикасының меншік қатынасында мемлекеттің мүддесін білдіреді.<*>

4. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі: Департаментпен бірлесіп бір ай мерзімде мемлекеттік мүлікті жалға, жалдауға беруге, сыртқы және сенімді басқаруға беруге, сондай-ақ мемлекеттік меншік объектілерін жекешелендіруге байланысты жасалған келісім-шарттар (шарттар, келісімдер) бойынша көрсеткіштермен статистикалық есептіліктің нысанын әзірлесін және бекітсін;

Департамент пен оның аумақтық органдары статистикалық және талдамалық ақпаратпен қамтамасыз ететін мемлекеттік органдардың тізбесіне енгізілсін.

5. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Департаментпен бірлесіп бір ай мерзімде Қазақстан Республикасының Үкіметіне бұрын жарық көрген үкімет актілерін осы қаулыға сәйкестікке келтіру туралы ұсыныс енгізсін.

ЕСКЕРТУ. Қаулы 2 және 3-ші жаңа тармақтармен толықтырылды, 2 және 3-тармақтар 4 және 5-тармақтар болып есептелді - ҚРҰ-нің 1997.06.30. N 1034 қаулысымен .

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1997 жылғы 17 маусымдағы

№ 980 қаулысымен

бекітілген

**Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару департаменті туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару департаменті (бұдан әрі - Департамент) Қазақстан Республикасының мемлекеттік меншігін иелену, пайдалану және оған билік ету жөніндегі өкілеттікті жүзеге асырушы мемлекеттік басқару органы болып табылады.

2. Департамент өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің актілерін, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімдерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

I. Департаменттің негізгі міндеттері мен функциялары

3. Департаменттің қызмет аясындағы негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

Қазақстан Республикасы меншігінің қатынастарын реттеу саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру бойынша ұсыныстар әзірлеуге қатысу:

мемлекеттік республикалық меншіктің пайдаланылуына бақылау жасауды жүзеге асыру;

заңдардың қолданылу практикасын талдау және қорытындылау, оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу, заң актілерін және өзге де нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге қатысу;

шаруашылық серіктестіктері мен бірлескен кәсіпорындардың мемлекеттік үлестерін, акционерлік қоғамдардың акцияларының мемлекеттік пакеттерін басқару;

министрліктердің, комитеттердің, ведомстволардың мемлекеттік меншікті басқару жөніндегі қызметін салааралық үйлестіру;

жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік коммуналдық меншікті басқару жөніндегі қызметін үйлестіру;

халықаралық шарттар мен келісімдердің жобаларын әзірлеуге қатысу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсыруы бойынша оларға қол қою;

халықаралық ұйымдармен өз құзыретіндегі мәселелер бойынша өзара іс-қимыл мен ынтымақтастықты ұйымдастыру;

Қазақстан Республикасының аумағында және оның шегінде тысқары жерлерде меншік мәселелері бойынша мемлекеттің мүдделерін білдіру; өз қызметін жақсарту жөнінде белгіленген тәртіппен ұсыныстар енгізу; өзіне заңдармен жүктелген өзге де міндеттер мен функцияларды жүзеге асыру .

4. Департамент негізгі міндеттеріне сүйене отырып:

Қазақстан Республикасы меншігінің қатынастарын реттеу саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру бойынша ұсыныстар әзірлеуге қатысады;

мемлекеттік заңды тұлғаларды не мемлекеттің қатысуымен заңды тұлғаларды құру, оларды қайта ұйымдастыру, тарату, мемлекеттік меншік объектілерін оңалту шараларын жүргізу үшін кепілге, жалға, жалдауға, сенімді басқаруға, жекешелендіруге беруге келісім-шарттарға (шарттарға, келісімдерге) қол қою туралы шешімдер қабылдау жолымен мемлекеттік меншікті иелену, пайдалану және билік ету жөніндегі өкілеттіктерді жүзеге асырады;

ауыл шаруашылықтық мақсаттағы емес мемлекеттік меншік объектілерін, соның ішінде салынып бітпеген объектілерді жекешелендіру кезінде заңды және жеке тұлғаларға жерді пайдалану құқығын не жер учаскелерін жалға беруге байланысты мәселелерді шешуге қатысады;

"алтын акцияны" енгізу туралы шешім қабылдайды;

шаруашылық серіктестіктері мен бірлескен кәсіпорындардың мемлекеттік үлесін, акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін басқаруды қамтамасыз етеді ;

мемлекетке тиесілі акциялар пакетінің ұстаушысы болып табылады;

шаруашылық серіктестіктеріндегі және бірлескен кәсіпорындардағы мемлекеттік үлестерге және акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтердің есептелуінің дұрыстығын бақылайды;

мемлекеттік республикалық меншіктің пайдаланылуына бақылау жасауды жүзеге асырады ;

заңдардың қолданылу практикасына талдау және қорытындылау жүргізеді, оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді, заң актілерін және өзге де нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге қатысады;

министрліктердің, комитеттердің, ведомстволардың мемлекеттік меншікті басқару жөнінде қызметін салааралық үйлестіруді жүзеге асырады;

жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік коммуналдық меншікті басқару жөніндегі қызметін үйлестіруді жүзеге асырады;

халықаралық ұйымдармен өз құзыретіндегі мәселелер бойынша өзара іс-қимыл мен ынтымақтастықты ұйымдастырады;

халықаралық шарттар мен келісімдердің жобаларын әзірлеуге қатысады және Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсыруы бойынша оларға қол қояды;

Қазақстан Республикасының аумағында және оның шегінен тысқары жерлерде меншік мәселелері бойынша мемлекеттің мүдделерін білдіреді;

Департаменттің қызметін жақсарту жөнінде белгіленген тәртіппен ұсыныстар енгізеді.

II. Департаменттің өкілеттіктері

5. Департамент өзіне жүктелген функцияларды орындау үшін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің құзыретінің шегінде:

атқарылуға міндетті нұсқаулар беруге және нормативтік құқықтық актілер шығаруға ;

министрліктердің, комитеттер мен ведомстволардың мемлекеттік меншікті басқару, сондай-ақ оның пайдаланылуына бақылау жасау жөніндегі қызметіне әдістемелік басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыруға;

кәсіпорындар мен шаруашылық серіктестіктерінің және мемлекеттің қатысуындағы өзге де заңды тұлғалардың банкроттығының алдын алу жөніндегі шараларды әзірлеуге және жүзеге асыруға қатысуға;

орталық және жергілікті атқарушы органдардан, мемлекеттің қатысуындағы заңды тұлғалардан қаржы және өзге құжаттарын, сондай-ақ мемлекеттік меншікті пайдалануға байланысты мәселелер бойынша ақпаратты сұратуға және тегін негізде алуға ;

Департаменттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша заңдардың атқарылуына бақылау жасауға және тексеруге;

мемлекеттік меншік объектілерін жалға, жалдауға сырттай және сенімді басқаруға беру, сондай-ақ оларды жекешелендіру жөніндегі келісім-шарттардың (шарттардың, келісімдердің) атқарылуына бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыруға ;

консалтингтік қызметтерді жүзеге асыру үшін қазақстандық және шетелдік заңды және жеке тұлғаларды жұмысқа тартуға;

Департаменттің қызмет саласына жататын проблемалар бойынша ғылыми зерттеулерді жүзеге асыруға және үйлестіруге;

аумақтық органдардың ережелерін, Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсыруы бойынша мемлекеттік кәсіпорындардың жарғыларын бекітуге құқығы бар .

6. Департаменттің өз құзыретінің шегінде қабылданған мемлекеттік меншікті

иелену, пайдалану және билік ету жөніндегі қатынастарды реттейтін актілерді орталық және жергілікті атқарушы органдар үшін атқарылуы міндетті болып табылады.

III. Департамент қызметін ұйымдастырудың негізгі мәселелері

7. Департаментті Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Директор басқарады.

8. Департамент директорының орынбасары болады, оны Департамент директорының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы министрі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

9. Департамент Директоры:

Департаменттің жұмысына басшылықты ұйымдастырады және жүзеге асырады ;

Департаментке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларының жүзеге асырылуына дербес жауапкершілікте болады;

Департамент директорының орынбасары мен құрылымдық бөлімшелері басшыларының жауапкершілік деңгейін белгілейді;

Департаменттің орталық аппараты қызметкерлерін қызметке тағайындайды, қызметте жылжытады және қызметтен босатады, оларға қолданылып жүрген заңдарда көзделген ынталандыру шараларын және тәртіптік жазаларын қолданады ;

Департамент құзыретінің шегінде Департаменттің орталық аппаратының қызметкерлері мен аумақтық органдарының атқаруы міндетті нормативтік құқықтық актілер, бұйрықтар шығарады.

Департаменттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша жұмысты ұйымдастырады және әдістемелік басшылықты жүзеге асырады.

10. Департаменттің аумақтық органдарының басшыларын Департамент директорының ұсынуы бойынша және тиісті облыстардың және Алматы қаласының әкімдерінің келісімімен Қазақстан Республикасының Қаржы министрі бекітеді .

11. Департамент пен оның аумақтық органдары республикалық бюджеттің есебінен ұсталады .

12. Департамент пен оның аумақтық органдары заңды тұлғалар болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және өздерінің атауы қазақ, орыс тілдерінде жазылған мөрі, банктерде шоттары бар .

13. Департаменттің құрылымы мен санын Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі, ал штаттық кестесін бекітілген құрылымның, саны мен еңбекақы қорының шегінде - Департамент директоры бекітеді.

14. Департаментті тарату және қайта ұйымдастыру қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК